

Мектепке дейінгі ұйым жапындағы кеңестік пункттің 2024–2025 оқу жылына арналған жұмыс жоспары

Мақсаты:

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналарына әлеуметтік-педагогикалық, психологиялық және әдістемелік көмек көрсету, баланың жан-жақты дамуына жағдай жасау.

Міндеттері:

1. Ата-аналардың педагогикалық және психологиялық сауаттылығын арттыру.
2. Баланың жеке қабілеттері мен ерекшеліктерін ескере отырып, дамытушы жұмыс түрлерін ұсыну.
3. Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту.
4. Әлеуметтік осал отбасы балаларына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету.

Жауаптылар: тәрбиеші, психолог, медбике

№	Іс-шара атауы	Мазмұны / тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар
1	Кеңестік пункт жұмысының жоспарын бекіту	Мақсат, бағыттар, жауаптыларды айқындау	Қыркүйек	тәрбиеші
2	«Бала дамуы – ата-ананың назарында» ата-аналар жиналысы	Кеңестік пункт қызметімен таныстыру, мақсат-міндеттерін түсіндіру	Қыркүйек	тәрбиеші
3	Психологиялық кеңес	тест, кеңес беру	Қазан	Психолог
4	Әдістемелік көмек	Үй жағдайында баламен тіл дамыту, ұсақ моторика ойындары	Қараша	Тәрбиеші,
5	Шеберлік сабағы	«Балаға ертегі арқылы тәрбие беру»	желтоқсан	Тәрбиеші
6	Кеңес беру күні	Ата-аналармен жеке кеңестер:	Ай сайын	Тәрбиеші

		сөйлеу, мінез-құлық, бейімделу мәселелері		
7	Денсаулық күні	Дене белсенділігі мен дұрыс тамақтану бойынша кеңес	Ақпан	Медбике
8	Ашық есік күні	Кеңестік пункт жұмыс нәтижелерін көрсету, тәжірибе алмасу	сәуір	тәрбиеші
9	Қорытынды талдау	Жылдық жұмыс қорытындысын шығару, есеп беру	Мамыр	психолог, тәрбиеші

Күтілетін нәтиже:

- Ата-аналардың педагогикалық мәдениеті артады;
- Мектепке дейінгі ұйым мен отбасы арасындағы байланыс нығаяды;
- Баланың даму деңгейі мен бейімделу процесі жақсарады;
- Әр балаға жеке көмек көрсетіледі.